

№ исх: 01-26/Д-3737/1//17-53/2696-И
от: 11.12.2017

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ

МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ПО ИНВЕСТИЦИЯМ И РАЗВИТИЮ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 75 44 11, факс: 8(7172) 75 40 80, 75 40 00
e-mail: mid@mid.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Қабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 75 44 11, факс: 8(7172) 75 40 80, 75 40 00
e-mail: mid@mid.gov.kz

№

2017 жылғы 5 қазандағы
№ ДЗ-225 депутаттық сауалға

Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттары
А. Перуашевқа, Е. Барлыбаевқа,
Е. Никитинскаяға,
К. Абсатировқа, Б. Дүйсенбиновқа,
Д. Еспаеваға, М. Қазбековаға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – ҚР ИДМ) Сіздің техникалық реттеу саласындағы проблемалық мәселелерге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Нарық айналымындағы өнімдер қауіпсіздігіне бақылау жүргізуге жауапты уәкілетті мемлекеттік органды анықтау бойынша

Осы мәселені кешенді және жүйелі түрде шешу мақсатында ағымдағы жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.Ұ. Маминнің басшылығымен мемлекеттік органдар мен «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің қатысуымен мәжіліс өткізілді.

Мәжіліс қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар мен «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына аталған мәселені техникалық регламент талаптарының сақталуы бойынша өнімге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру функциясын белгілеу бөлігінде пысықтау және 2017 жылғы 21 желтоқсанда жоспарланған кезекті мәжіліске шығару тапсырмасы берілді.

Кедендік тазарту рәсімінен өнімді шартты шығару мүмкіндігін алып тастауға қатысты

Шартты шығару мәселесін реттеу мақсатында «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасымен шартты шығарылған тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару тәртібі мен шарттарын өзгерту

көзделген, бұл сыртқы экономикалық қызметке адал қатысушылардың бизнесті жүргізу шарттарын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

ҚР Қаржы министрлігі шығарылған сәтінен бастап әрбір 30 күн сайын шартты шығарылған тауарға қатысты уәкілетті органның кедендік бақылау жүргізуі көзделген, «Шартты шығарылған тауарларды ұсынудың ерекшеліктерін бекіту не кедендік бақылау жүргізу кезінде олардың орналасқан жерін, сондай-ақ жүргізу кезеңділігін нақтылау және шартты шығарылатын тауарларға қатысты тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылау жүргізуге өзге де талаптар туралы» бұйрық жобасын әзірледі.

Техникалық реттеу талаптарын бұзғаны үшін жауаптылықты күшейтуге қатысты

Техникалық реттеу саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылықты күшейту бөлігінде «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына енгізілген ұсыныстар Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде қолдау таппады.

Осыған байланысты, аталған өзгерістерді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының шеңберінде қабылдау жоспарланған.

Техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтін өнімдерді нарық айналымынан алып тастауға және сәйкестікті растау рәсімдерін жүргізу анықтығын қамтамасыз ету мәселесі бойынша қазіргі уақытта тиісті нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмыстары жүргізілуде, олар белгіленген тәртіпте мүдделі мемлекеттік органдармен келісілетін болады.

Сонымен қатар, сауалда көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер шығару үшін ҚР ИДМ-нің Техникалық реттеу және метрология комитеті «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, техникалық реттеу жүйесін жетілдіру жөніндегі кешенді іс-шараларды қамтитын, Жол картасын қабылдады.

Осыған байланысты, техникалық реттеу саласындағы аталған проблемалық мәселелерді шешу бойынша тиісті жұмыстар тұрақты негізде жүргізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі**

Ж. Қасымбек

Орынд.: М.Бектурсунова
тел.: +7 (7172) 750523
me.bektursunova@mid.gov.kz

№ исх: 01-26/Д-3737/1//17-53/2696-И от: 11.12.2017

*На депутатский запрос
от 5 октября 2017 года № ДЗ-225*

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Перуашеву А. Барлыбаев Е.Х
Никитинской Е. Абсатинову К.
Дюсембинову Б. Еспаевой Д.
Казбековой М.**

Уважаемые депутаты!

Министерство по инвестициям и развитию Республики Казахстан(далее-МИР РК) рассмотрев Ваш депутатский запрос, касательно проблемных вопросов в сфере технического регулирования сообщает следующее.

По определению уполномоченного государственного органа ответственного за контроль безопасности обращаемой на рынке продукции

В целях комплексного и системного решения данного вопроса 5 декабря т.г. под руководством Первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан Мамина А.У. проведено совещание с участием представителей государственных органов и Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен».

По итогам совещания, государственными органам и НПП «Атамекен» поручено проработать данный вопрос в части установления функций по осуществлению государственного контроля за продукцией по соблюдению требований технических регламентов, и вынести на очередное совещание которое запланировано на 21 декабря 2017 года.

Касательно исключения возможности условного выпуска продукции из процедур таможенной очистки

В целях урегулирования вопроса по условному выпуску, проектом Кодекса Республики Казахстан «О таможенном регулировании в Республике Казахстан», предусмотрено изменение порядка и условий выпуска для внутреннего потребления, условно выпущенных товаров, что позволит облегчить условия ведения бизнеса добросовестными участниками внешнеэкономической деятельности.

Министерством финансов РК подготовлен проект Приказа «Об утверждении Особенности предъявления условно выпущенных товаров либо подтверждение места их нахождения при проведении таможенного контроля, а также периодичности проведения и иных требований к проведению таможенного контроля после выпуска товаров в отношении условно выпущенных товаров»,

предусматривающий проведение таможенного контроля уполномоченным органом в отношении условно выпущенных товаров каждые 30 дней с момента выпуска.

Касательно усиления ответственности за нарушения требований технического регулирования

Внесенные предложения в проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» в части усиления ответственности за нарушения законодательства Республики Казахстан в сфере технического регулирования, не поддержаны в Мажилисе Парламента Республики Казахстан.

В этой связи, данные изменения запланированы принять в рамках Законопроекта «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обеспечения единства измерений и стандартизации».

По вопросам изъятия из обращения на рынке продукции, которая не соответствует требованиям технических регламентов, и обеспечения достоверности проведения процедур подтверждения соответствия сообщаем, что в настоящее время ведется работа по внесению изменений и дополнений в соответствующие нормативно-правовые акты, которые будут согласованы с заинтересованными государственными органами в установленном порядке.

Вместе с тем, для выработки решений по указанным в запросе вопросам Комитетом технического регулирования и метрологии МИР РК совместно с Национальной палатой предпринимателей «Атамекен» принята Дорожная карта, включающая в себя комплексные мероприятия по совершенствованию системы технического регулирования.

В этой связи, соответствующая работа по решению указанных проблемных вопросов в сфере технического регулирования проводится на постоянной основе.

**Министр по инвестициям
и развитию Республики Казахстан**

Ж. Касымбек

*исп. Бектурсунова М.
тел. +7 (7172) 750523
me.bektursunova@mid.gov.kz*